



***Қан кетудің
диагностикасы және
дәрігерге дейінгі көмек***


Қан кетулердің түрлері

- Жарадан немесе дененің табиғи тесіктерден қан сыртқа кеткен кездегі қан кетуді сыртқы қан кету деп атайды. Дененің ішінде қанның жиналуын ішкі қан кету деп айтады. Сыртқы қан кетулердің арасында көбіне жарадан кету жиі кездеседі, атап айтқанда:
- капиллярлық – сыртқы жарақаттану кезінде қан жарадан тамшылап ағады;
- күре тамырлық – терең жарақаттану, мысалы кесілген, тесілген кезінде мол қою қызыл түсті қан ағады;
- артериялық – терең кесілген, тесілген жарақаттану кезінде; артериялық қою қызыл түсті қан жоғары қысыммен зақымданған артериядан сорғалап ағады;
- аралас – жарақаттану кезінде күре тамырдан және артериядан қан кетуі, мұндай қан кету жиі терең жарақаттану кезінде байқалады.


1



2



3



4



Қан кетудің ауырлық дәрежесі (Горбашко А.И., 1982)

Қан кету көрсеткіштері	Қан кету дәрежесі		
	жеңіл	орташа	ауыр
Эритроциттер саны	>3,5-10*12 /л	3,5-10*12 /л-2,5-10*12/л	<2,5-10*12/л
Гемоглобин деңгейі,г/л	>100	83-100	<83
1 мин пульс жиілігі	80 дейін	80-100	100 ден жоғары
Систолалық ҚҚ (мм.с.б.)	>110	110-90	<90
Гематокрит саны %	>30	25-30	<25
Дефицит ГО %	20 <u>дейін</u>	20-дан 30ға дейін	30 <u>және жоғары</u>

Асқазан ішек жолдарынан қан кету


- *Қан кету – қан айналу ағзаларынан қанның шығуы. АІЖ – нан массивті қан кету адам ағзасына қауіпті геморрагиялық шокқа әкеліп соқтыруы мүмкін. Этиологиясы мен патогенезі: Жиі қан кету мына себептермен шарттанған: Тамыр қабырғасында патологиялық процесс дамуына байланысты дефект (жедел немесе созылмалы жарадан аррозивты қан кету, ыдыраушы ісік) Тамыр қабырғасының өткізгіштігінің нашарлауы (авитаминоз, жедел инфекциялық сырқат, анафилаксия, сепсис, интоксикация) Бауыр циррозы кезіндегі өңештің кеңейген веналарынан және асқазаннан қан кету Өңеш және асқазанның шырышты кабатының жыртылуынан қан кету (Меллори –Вейсс синдромы) АІЖ жоғары бөлігінен(90%), қан кету көзі өңеште, асқазанда, он екі елі ішекте болғанда және егер қан кету көзі жіңішке ішек пен тоқ ішек болса, АІЖ-ның төменгі бөлігінен (1%) қан кету түрлерін ажыратады.*

Диагностикасы

- *Анамнез*
- *Клиникалық көрініс*
- *Шұғыл фиброгастродуоденоскопия*
- *Альговердің шоктық индексін қолданып геморрагиялық шок дәрежесін анықтау*
- *Рентгенологиялық зерттеу*
- *УДЗ*
- *МРТ*
- *Колоноскопия*
- *Хирургиялық зерттеу әдісі*

Веналық қан кету


Қошқыл қызыл түсті қан шығады, қан ағу жылдамдығы артериялық қан кетуге қарағанда баяу. Ірі вена тамыры зақымдалғанда қан сарқырап ағады, жылдамдығы сәйкесінше жоғарылайды, аз уақыт ішінде өлімге алып келуі мүмкін. Қанның ағуы венаның анатомиялық орналасуына байланысты өзгеруі мүмкін.



Сыртқы қан кетуде қан жара бетінен сыртқы ортаға ағады. Мұндай қан кету диагностикасы тез, әрі оңай болады.



Артериялық қан кетуді тоқтату



Қан кетуді таңғышты байлау арқылы тоқтату

- Қан кетуді тоқтату үшін:
- жарақаттанған аяқ-қолды көтереді;
- қан ағып тұрған жараны (пакеттің ішіндегі) түйілген таңғыш материалмен жауып, үстінен жараның бетіне саусақтарды тигізбей басып; қолды алмай 4-5 минуттай ұстайды. Егер қан кету тоқтаса, салынған материалды алмай, оның үстіне басқа пакеттен тағы бір түйілген материалды немесе мақтаны салып, аздап күш сала отырып, жарақаттанған аяқ-қолдың қан айналымын бұзбау үшін жарақаттанған жерді бинтпен орайды. Қолды немесе аяқты бинтпен орау кезінде төменнен жоғары қарай –саусақтардан денеге орайды;
- қатты қан кету кезінде, егер оны басатын таңғышпен тоқтату мүмкін болмаса, жарақаттанған жердегі қан тамырларын саусақтармен, бұраумен немесе бұрап байлағышпен басу не аяқ-қолды бүгеді. Барлық жағдайда қан кету кезінде дереу дәрігерді шақыру және оған бұрауды нақты салған уақытты көрсету керек. Ішкі қан кету өмірге қауіптірек болып табылады. Ішкі қан кетуді беттің күрт бозғылттануынан, әлсіздіктен, жиі соғатын тамырынан, ентігуден, бас айналудан, қатты шөлдеуден, есін жоғалту халінен байқауға болады. Мұндай жағдайда дереу дәрігер шақыру қажет, ал ол келгенге дейін зардап шегушінің толық тыныштықта болуы қамтамасыз етіледі. Егер ішкі қуыс органдарының жарақаттануына күдік бар болса, оған ішетін зат беруге болмайды.
- Жарақат орнына «суық» (мұз, қар салынған немесе суық су құйылған резеңке қапшық, суық басуларды) басады.




Қанның кетуін саусақтармен тоқтату

- Қанның кетуін тез жарақаттан жоғары тұрған сүйекке (денеге жақын) қан ағып тұрған тамырды саусақтармен басу арқылы тоқтатуға болады. Қан ағып жатқан тамырды саусақтармен жеткілікті түрде қаттырақ басады.
- Жарақаттардан қанның кетуін:
- беттің төменгі жағындағы – жақтық артерияны жақтың төменгі шетіне қарай басу арқылы;
- шеке мен маңдайдағы – шеке артериясын құлақтың алдына қарай басу арқылы;
- бас пен мойындағы – ұйқы күре тамырын мойын омыртқасына қарай басу арқылы;
- қолтық асты шұңқыры мен иықтағы (иық тамырына жақын) – бұғана астындағы артерияны бұғана астындағы ойға қарай басу арқылы;
- білектегі – білек артериясын сырт жағынан білектің ортасына қарай басу арқылы;
- қолдың буыны мен саусақтарындағы – екі артерияны (кәрі және шынтақ) үшінші төменгі қолдың буынын білекке қарай басу арқылы;
- жіліншіктегі - жіліншік астындағы артерияны басу арқылы;
- сан жамбастағы – сан жамбас артериясын жамбас сүйектеріне қарай басу арқылы;
- табандағы - табанның ішкі жағындағы артерияны басу арқылы тоқтатады.
-

Қан тоқтатудағы алғашқы көмек


- Қан кету қантармырларымызды жарақаттау себебінен туындайды. Жарақат алып, қансыраған адамға тиісінше алғашқы көмек көрсетіп, міндетті түрде бірден оны таңып тастауы қажет. Жеңіл жарақаттан бастап, күре тамырдан кететін қанды тоқтатудың түрлі жолы бар.

Ауыр сыртқы жарақат кезінде:




- 1. Жарақат алушының басын сәл шалқайтып жатқызыңыз, бұл шошынуды азайтады, жүрек соғысын тыңдап, дема алуын қадағалаңыз.
- 2. Жарақат алған жерін жүректің деңгейімен сәл биіктетіп қойыңыз, егер, «сынды-ау» деген ойыңыз болса, тиіспеңіз.
- 3. Қан тоқтаған соң, жарақат бетіндегі лас жерлерді мұқият, ауыртпай алыңыз. Егер лас заттар үлкендеу болса (әйнек, ағаш, т.б.), алмаңыз. Бірақ жарақаттың айналасын дәкемен таңып тастаңыз.

- 4. Дәкемен немесе таңғыш, матамен таңған соң, қанды тоқтату үшін қолыңыздың көмегімен жарақат алған жерді қысыңыз.
- 5. Қан тоқтамай жатса, жаңағы қысымды үдетіп, баумен байлаңыз. Шап немесе тағы да байлауға ыңғайсыз дене мүшелерін қолыңызбен не қалың таңғыштармен қысыңыз.
- 6. Қанды тоқтатын күретамырларды қысу нүктелері: Егер жарақат қолда болса, шынтақтан жоғары, қолтықтан сәл төмен жерді, ал аяқта болса, тізе мен шаптың ортасын басыңыз. Осы аталған тұстағы сүйектерге қарама-қарсы күре тамырдан қысыңыз. Саусақтарыңызды тік ұстап, екінші қолыңызбен барынша салмақ түсіріп, қаттырақ қысыңыз.



Иштен қан кеткенде не істеу керек?



- 1. Іштен қан кеткенде, үй жағдайында қан тоқтату мүмкін емес, міндетті түрде жедел жәрдем шақыртыңыз.
- 2. Жарақат алушыны ыңғайлылырақ жатқызып, сабырға шықырыңыз.
- 3. Қан қысымын өлшеп, тыныс алуын қадағалаңыз, сырттан қан кеткен жағдайда, тоқтатуға тырысыңыз.
- 4. Дене температурасын қадағалаңыз, дене не суып, не қызулап кетпесін. Жедел жәрдем келгенше, температураны бір қалыпты сақтаңыз. Ол үшін дәкені суық суға батырып, маңдайға қойыңыз.



Алғашқы медициналық жәрдем неғұрлым тез көрсетілсе, зақымданудың бұдан былайғы барысы мен сауығу нәтижесі адам өмірін сақтап қалуда шешуші әсер етеді.



DATALIFE ENGINE
SOFTNEWS MEDIA GROUP